

Басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесін және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормаларын (1 гектарға) белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 8 шілдедегі № 170 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 шілдеде № 3947 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 349 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 08.12.2015 № 349 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа ала отырып, "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының бұйрығына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Батыс Қазақстан облысы бойынша басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға) белгіленсін.

2. 2014 жылғы 29 шілдедегі № 200 "Басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесін және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормаларын (1 гектарға) белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3603 тіркелген , 2014 жылғы 9 тамыздағы "Орал өңірі" және "Приуралье" газеттерінде жарияланған) облыс әкімдігі қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі (М. К. Оңғарбеков) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары А. К. Өтеғұловқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Ноғаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

03.07.2015 жыл

2015 жылғы 8 шілдедегі № 170

Батыс Қазақстан облысы

әкімдігінің қаулысына

1-қосымша

Батыс Қазақстан облысы бойынша басым ауыл шаруашылығы дақылдардың тізбесі

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдардың атауы
1	Күздік бидай
2	Күздік қара бидай
3	Арпа
4	Майлы дақылдар
5	Картоп
6	Өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолдану арқылы өсірілетін картоп
7	Көкөніс-бақша дақылдары (қорғалған топырақ жағдайында өсірілетін көкөніс дақылдарын қоспағанда)
8	Өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолдану арқылы өсірілетін көкөніс-бақша дақылдары

9	Көп жылдық және бір жылдық шөптер (өткен жылғы егілген көп жылдық шөптерді қоспағанда)
10	Бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарында
11	Күнбағыс және сүрлемдік жүгері
12	Өнеркәсіптік үлгідегі жылыжайлардағы қорғалған топырақ көкөністер
13	Фермерлік жылыжайлардағы қорғалған топырақ көкөністер

2015 жылғы 8 шілдедегі № 170

Батыс Қазақстан облысы

әкімдігінің қаулысына

2-қосымша

Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өндеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары (1 гектарға)

Аудандар атауы	Күздік дәнді дақылдар (астыққа, шөпке, пішенге), теңге	Арпа, сұлы, тары, теңге	Майлы дақылдар, теңге	Картоп (кәдімгі әдіспен), теңге	Тамшылатып немесе сплинкерлік суару әдісімен өсірілген картоп, теңге	Көкөніс-бақша дақылдары (кәдімгі әдіспен), теңге	Тамшылатып немесе сплинкерлік суару әдісімен өсірілген көкөніс-бақша дақылдары, теңге	Бір жылдық мал азықтық дақылдар, теңге
Ақжайық	200	260	5 319	20 000	40 000	20 000	26 000	4 900
Бөкей ордасы	200	260	5 319	20 000	40 000	20 000	26 000	4 900
Бөрлі	200	260	5 319	20 000	40 000	20 000	26 000	4 900
Жаңақала	200	260	5 319	20 000	40 000	20 000	26 000	4 900
Жәнібек	200	260	5 319	20 000	40 000	20 000	26 000	4 900
Зеленов	200	260	5 319	20 000	40 000	20 000	26 000	4 900
Казталов	200	260	5 319	20 000	40 000	20 000	26 000	4 900
Қаратөбе	200	260	5 319	20 000	40 000	20 000	26 000	4 900
Сырым	200	260	5 319	20 000	40 000	20 000	26 000	4 900
Тасқала	200	260	5 319	20 000	40 000	20 000	26 000	4 900
Теректі	200	260	5 319	20 000	40 000	20 000	26 000	4 900
Шыңғырлау	200	260	5 319	20 000	40 000	20 000	26 000	4 900
Орал қаласы	200	260	5 319	20 000	40 000	20 000	26 000	4 900

2-қосымшаның жалғасы

		Шабындық және (немесе) жайылымдық						
--	--	-----------------------------------	--	--	--	--	--	--

Аудандар атауы	Ағымдағы жылы егілген көп жылдық астық тұқымдас мал азықтық дақылдар (өткен жылы егілгендерді қоспағанда), теңге	алқаптарды шөп егіп жаңарту (оның ішінде былтырғы жылдың күзінде) және (немесе) түпкілікті жақсарту үшін егілген көп жылдық астық тұқымдас мал азықтық дақылдар, (көп жылдық шөптердің көнежастағы егістігін жырту ескеріледі) өткен жылы егілгендерді қоспағанда, теңге	1 жастағы көп жылдық бұршак тұқымдас дақылдар , теңге	Екі жастағы , теңге	Үш жастағы , теңге	Сүрлемдік жүгері (астыққа) және күнбағыс, теңге	Фермерлік жылыжайлардағы қорғалған топырақ көкөністері (1 дақыл айналымы) (1 гектарға арналған субсидиялар нормативі, теңге)
Ақжайық	4 900	4 900	9 000	9 000	9 000	7 000	2 300 000
Бөкей ордасы	4 900	4 900	9 000	9 000	9 000	7 000	2 300 000
Бөрлі	4 900	4 900	9 000	9 000	9 000	7 000	2 300 000
Жаңақала	4 900	4 900	9 000	9 000	9 000	7 000	2 300 000
Жәнібек	4 900	4 900	9 000	9 000	9 000	7 000	2 300 000
Зеленов	4 900	4 900	9 000	9 000	9 000	7 000	2 300 000
Казталов	4 900	4 900	9 000	9 000	9 000	7 000	2 300 000
Қаратөбе	4 900	4 900	9 000	9 000	9 000	7 000	2 300 000
Сырым	4 900	4 900	9 000	9 000	9 000	7 000	2 300 000
Тасқала	4 900	4 900	9 000	9 000	9 000	7 000	2 300 000
Теректі	4 900	4 900	9 000	9 000	9 000	7 000	2 300 000
Шыңғырлау	4 900	4 900	9 000	9 000	9 000	7 000	2 300 000
Орал қаласы	4 900	4 900	9 000	9 000	9 000	7 000	2 300 000